

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық
кеңесі отырысының хаттамасы №2

26.11.2021 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева.

Хатшысы - Д.Турлыбек.

Қатысқандар – 10

Күн тәртібі

1. Балабақшадағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекеті:

- Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы – К.Джаксибаева.
- Тіл дамытудағы балалардың қабілеті – Д.Турлыбек.
- Ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдіс тәсілдер – А.Ахмадияр
- Мнемокесте әдістерін қолдана отырып балалардың тілдік қорын байыту – К.Джаксибаева
- Мектепке дейінгі балалардың бір- біріне деген қарым- қатынасы- Г.Сапарова

2. Әртүрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталықтың меңгерушісі К.Джаксибаева «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында толық мағлұмат бере отырып, тәрбиешілермен тренинг өткізді. Материал толық тігіліп отыр.

Тәрбиеші Сапарова Г. мектепке дейінгі балалардың тіл дамуындағы өзекті мәселелерге тоқтала келіп, жалпы өз сабағында тіл дамыту бойынша көптеген әдіс- тәсілдерді қолданатындығын айта келіп, балалармен әртүрлі бағытта түрлі тәсілдерді пайдалана отырып көбірек жұмыс жүргізіп жатқандығын айтап көрсетті. Мектепке дейінгі балалардың бір- біріне деген қарым- қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Тәрбиеші Д.Турлыбек тіл дамытудағы балалардың қабілеті жақсы, олармен көп жұмыстар, яғни суреттер және кестелер бойынша, ертегілерді айтып беру, кейіпкерлердің ролдерін орындау жұмыстарын жүргізудемін, сөйлеулері өте қиын, алайда топтағы кейбір балалардың басқа балалардан қалып кетпес үшін қосымша жұмыстар өтудемін деп айтып өтті.

Тәрбиеші А.Ахмадияр мектепке дейінгі балалардың тіл дамуына тәрбиешінің тіл байлығының ықпал етуі біздің өзімізге байланысты, ол үшін өздеріміздің тіл байлығымыз жоғары дәрежеде болуы қажет, соның негізінде балалардың тіл байлығы жақсарады. Тәрбиешілер өздері күнделікті сабаққа түрлі тәсілдерді алдын ала әзірлеп, дайын болуы қажет. Балалардың тілін дамытуда сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегілер бойынша түсініктерін айта білудің өзі көп нәтижеге жеткізетіні анық.

Орталық әдіскері К.Джаксибаева. мнемокесте әдістерін және де түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана отырып балалардың тілдік қорын байыту жайлы айта келіп, мнемотехниканың, мнемокестенің балаларға не үшін қажеттілігіне, олардың есте сақтау технологиясына, әдісті балабақшада қалай қолдануға болатындығы жайлы айтып өтті.

Сөз сөйлегендер:

1. Ахмадияр А.- балабақшада мнемокесте әдістерін пайдаланудың өте тиімділігіне тоқтала келіп, өз сабақтарында қолдануға болатындығын атап өтті.

2. Турлыбек Д. – жалпы тіл дамыту бағдарламасының әдіс- тәсілдерін күнделікті сабақтарда пайдаланатындығын айта келіп, балалардың тіл байлығын, сөйлеуін қалыптастыру үшін тәрбиешілердің тіл байлығы өз дәрежесінде болуына тоқталды.

3. Сапарова Г. балалармен әртүрлі бағытта түрлі тәсілдерді пайдалана отырып көбірек жұмыс жүргізу қажеттігі, мектепке дейінгі балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша орталық меңгерушісі К.Джаксимаева кеңесте қаралып отырған тақырып бойынша жұмысты жандандыру, әртүрлі әдістерді қолдана отырып сабақ өту, ішкі тәртіп ережесін сақтау, балалардың толық келуін қамтамасыз ету, келмеген балаларды себептеріне сәйкес табельде күнделікті белгілеу қажеттігін атап көрсетті.

Қаулы етті:

1. Балабақшадағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекетінің өз дәрежесінде жүргізілуі жолға қойылсын.

2. Әрбір тәрбиеші топтары бойынша әрбір сабақта қолданатын әдіс- тәсілдері бойынша бір- бір ашық сабақ көрсету белгіленсін.

3.Жалпы бөбекжай- бақша бойынша ішкі тәртіп ережесін сақтау, балалардың толық келуін қамтамасыз ету, күн тәртіп ережесін сақтау қатаң түрде қадағалансын.

Төрайымы

Хатшысы

К.Джаксибаева

Д.Турлыбек